



МИНИСТЕРСТВО СЕЛЬСКОГО
ХОЗЯЙСТВА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Жүргізілген кеңестер туралы
Есеп

Тақырыбы: «Топырақтағы ауыр металдардың топырақтың құнарлылығы мен
алынатын өнім сапасына әсері»

«Жер ресурстарын тиімді пайдалану, оның ішінде топырақ құнарлылығын
сақтау және арттыру тәсілдері, ауыспалы егістерді сақтау» бағыты бойынша

Өткізу күні:
«03» октября 2023 жыл

Кеңес беру өткізілген орын:
Алматы облысы, Балқаш ауданы,
Ақдала ауылы, ««ШК»

Эксперт: Вырахманова А.С.
(қолы)

«Ә.О. Оспанов атындағы Қазақ
Топырақтану және агрохимия
ғылыми-зерттеу институты» ЖШС
Басқарма Төрайымы

Рамазанова Р.Х.



Есептің құрылымы

1) кеңес берудің қажет ететін мәселе немесе мәселелер шеңбері;

Ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жерлерге сырттан түсетін ластаушы заттардың тізімі өте кең. Ауыл шаруашылығы жерлерін ластаушылардың арасында ауыр металдар ерекше орын алады. Ласта қазіргі уақытта суармалы алқаптардың экологиялық жағдайы мәселесі нашарлауда.

Топырактардағы гумус, негізгі қоректік элементтердің мөлшерінің азаюы және физикалық, химиялық, биологиялық қасиеттерінің нашарлауына байланысты топырактың ауыр металдарға қатысты қорғаныштық қасиеттері төмендеуде. ушылардың ішінде ауыр металдар біршама улы болып саналады.

Топыракты ауыр металдармен басым ластаушылардың катарына ауыл шаруашылығында кеңінен қолданылатын агрохимикаттар – минералды және органикалық тыңайтқыштар, химиялық мелиоранттар мен осімдіктерді қорғау құралдары жатады. Құрамы ауыр металдардың әртүрлі қоспаларына біршама бай болып минералды фосфорлы тыңайтқыштар табылады: қос суперфосфат, аммофостар, аммофоскалар, нитрофостар, нитрофоскалар, сұйық кешенді тыңайтқыштар. Азотты тыңайтқыштар топырактағы марганец, мыс, темір, мырыш, кадмийдің жылжымалылығын арттырады, ал фосфорлы, керісінше, бұл көрсеткішті, әсіресе мырыш пен мысты төмендетеді.

Барлық суармалы алқаптар бағынышты ландшафттарда орналасуына байланысты ластануға бейім. Суармалы жерлерде топыракта ауыр металдардың жиналу процесіне олардың мелиорациялық жағдайы, механикалық құрамы және суару сұнының сапасы да әсер етеді.

Біздің Институт ғалымдары жүргізген зерттеудің мәліметтері бойынша, Қазақстанның негізгі күріш егілетін өнірлерінің топырактарында қорғасынның, никельдің және мыстың шектеулі рұқсат етілген концентрациясынан (ШРК) артқаны байқалады.

2) қызметтің жақсарту жөніндегі кеңейтілген дәлелдер мен ұсыныстарды қамтуы тиіс қойылған мәселені немесе мәселелер шеңберін шешу жөніндегі сарапшының ұсыныстары;

Ақдана суармала алқабынада бұрын жүргізілген зерттеу нәтижелері: топыракты экологиялық бағалау нәтижесінде топырактағы кейбір ауыр металдардың мөлшері бойынша курделі жағдайға жақын жағдай қалыптасқан. Ақдана алқабының топырактарында өсімдіктерге ең белсенді, онай өтетін және қорғасын мен никельдің экологиялық қауіпті жылжымалы түрі топырактың ШРК-нан асады. Мыс пен кадмийдің мөлшері бойынша әзірге жағдай қауіпсіз, олардың мөлшері топырак ШРК-нан төмен.

Қазіргі ауыл шаруашылығында ауыр металдармен ластанған топырактарды уытсыздандыру және олардың құнарлылығын қалпына келтіру бойынша түрлі іс-шаралар жүргізіледі. Атап айттын болсак, уытсызданғыштар қолдану арқылы ауыр металдардың өсімдіктің ең күнды

бөлігі дәніне өтуін тәмендетуге болады. Уытсыздандырғыштар (детоксикант) ретінде «Жану проблемалары институтында» күріш қауызынан крекинг арқылы алынаған көмір сорбенті, Малайсары кен орнының табиғи минерал-сорбенті бентонитті саз, белгілі биогумус және GreenЭко органикалық текті отандық препараттарды колдануға болады.

3) өндіріс көлемін ұлғайту/өнімділікті арттыру/шығындарды азайту және т.б. сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, агроОнеркәсіптік кешен субъектісінің ұсыныстарды қолдану нәтижелері бойынша күтілетін нәтиже;

Жоғарыда айтылған ұсыныстарды өндірісте пайдалану, топырактардың ауыр металдарға қатысты қорғаныштық кабілетін арттыруға, ауыр металдардың өсімдікке өтуін тәмендетуге болады. Бұл өз кезегінде адам ағзасына және жан-жануарларға келіп түсетін зиянды ауыр металдардың мөлшерін тәмендетуге, сондай-ақ топырактың құнарлылығын жақсартуға септігін тигізеді.

4) Кеңес беруден фотосуреттер;

